



БЕКІТІЛДІ

ABU ректоры

профессор Ш.А.Құрманбаева

Теңдік, әртүрлілік және Инклюзивтілік САЯСАТЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Alikhan Bokeikhan University (бұдан әрі - университет) білім беру мекемесінде теңдік, әртүрлілік және инклюзивтілік саясатын (бұдан әрі - саясат) енгізудің негізгі мақсаты - университеттің теңдікті, кемсітпеушілікті, жеке тұлғаны құрметтеуді және университетпен өзара іс-қимыл жасайтын білім алушыларға, қызметкерлерге, сондай-ақ өзге де мүдделі тараптарға қатысты әділеттілікті қамтамасыз ететін қағидаттарды ұстануын нығайту.

1.2. Саясат адам құқықтарының теңдігі мен қорғалуын қамтамасыз ету саласында халықаралық стандарттарды, оның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясында, Адам құқықтары туралы Халықаралық Билде және осы салада жалпыға бірдей танылған басқа да құжаттарда белгіленген қағидаттарды қолдануға жәрдемдесу мақсатында әзірленген.

1.3. Саясат университеттің өзіне тиісті саладағы тәжірибесін жетілдіру және қоғамның орнықты дамуының міндетті элементі ретінде университет қызметін жүзеге асыру барысында теңдікті, әртүрлілікті және инклюзивтілікті қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

1.4. Университет халықаралық құқықтық актілерде белгіленген адам құқықтарын сақтау және қорғау туралы, оның ішінде теңдікті, кемсітпеушілікті, жеке адамның қадір-қасиетін және әділдікті құрметтеуді қамтамасыз етуге бағытталған қағидаттарды қолдайды. Университет теңдік, әртүрлілік және инклюзивтілік, мүмкіндіктердің ашықтығы жағдайында барлық мүдделі тараптарға өз әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік беруге ұмтылады.

1.5. Осы Саясат университет қызметін жүзеге асыру кезінде туындайтын қатынастарға қолданылады.

1.6. Саясат барлық мүдделі тараптардың сақтауы үшін міндетті.

2. ҚАҒИДАТТАР

Өз қызметін жүзеге асыра отырып, университет келесі принциптерді ұстанады:

мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу;

қолданыстағы заңнаманы сақтау;

адам құқықтарын сақтау және қорғау;

әдеп-ережелерін сақтау;

теңдік пен кемсітпеушілік.

3. ҚЫЗМЕТТІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

3.1. Университет осы Саясаттың 2-бөлімінде бекітілген қағидаттардың сақталуын қамтамасыз етуге арналған қызметтің басым бағыттарын айқындады. Мұндай бағыттардың қатарына мыналар жатады:

- адам құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы сақтау;
- инклюзивті және алуан түрлі мәдениетті қалыптастыру;
- этно - әлеуметтік және этно - ұлттық әртүрлілікті қолдау;
- кедергісіз ортаны қамтамасыз ету;
- ерекше қажеттіліктері бар адамдарды, оның ішінде қарттарды, жастарды, зейнеткерлерді жұмысқа орналастыру;
- әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету;
- қызмет барысында жасына, жынысына, ұлттық тегіне немесе әлеуметтік тегіне, әртүрлі діни сенімдеріне байланысты шеттетпеу;
- ресурстарға, қызметтерге және нысандарға барлығына тең қол жеткізуді қамтамасыз ету барлық деңгейде гендерлік теңдікті қамтамасыз ету.

3.2. Осы Саясаттың 3.1-тармағында айқындалған университет қызметінің басым бағыттарының тізбесі ашық. Қызметтің басым бағыттары стратегияның өзгеруіне байланысты толықтырылуы мүмкін.

4. КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ШЕКТЕУЛЕР

4.1. Университет осы Саясаттың сақталуын Университеттің ішкі ережелерінде оны жүзеге асырудың ашық және әділ тетіктерін белгілеу арқылы қамтамасыз етеді, сондай-ақ барлық мүдделі тараптарды оны сақтауға шақырады..

4.2. Университет Саясат талаптарының бұзылуы туралы барлық есептерді тәуелсіз және жан-жақты қарауды қамтамасыз етеді.

4. САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Саясат қолданылатын тұлғалар Саясаттың қағидаттары мен талаптарының сақталуына жауапты болады.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

6.1. Әрбір қызметкер теңдік, әртүрлілік мәдениетін сақтауға және инклюзивті ортаны құруға жауапкершілікте. Университет әрбір мүдделі адамға құрметпен қарауды және қысым мен қудалаудың кез келген түрінің болмауын назарда ұстауға шақырады.

6.2. Саясатты сақтамау Саясатты бұзған мүдделі тұлғаны қолданыстағы заңнаманың нормаларына, сондай-ақ университеттің ішкі саясаты мен ережелеріне сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тарту үшін негіз болуы мүмкін.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1. Осы Саясат заңдарда белгіленген құқықтық нормаларды алмастырмайды және олардың күшін жоймайды, бірақ сонымен бірге қосымша ережелер мен талаптарды белгілей алады.

7.2. Осы Саясатты жүзеге асыру үшін қабылданатын университеттің жергілікті актілері саясатқа қайшы келмеуі тиіс. Осы Саясат пен университеттің тиісті жергілікті актілері арасында қайшылық болған жағдайда, осы Саясат басым күшке ие болады.